

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ
АГЕНСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО СТАТИСТИКЕ**

**«Қазақстан Республикасының
әлеуметтік-экономикалық дамуы» журналына
ҚОСЫМША**

**ПРИЛОЖЕНИЕ
к журналу «Социально-экономическое развитие
Республики Казахстан»**

«Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлігі)» сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статистикалық ақпараттарды өз жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне сілтеме жасау міндетті.

В соответствии с «Гражданским кодексом Республики Казахстан (особенная часть)» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статистической информации в своих публикациях (изданиях) обязательно ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ӨҢІРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ
СТАТИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

**СТАТИСТИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ЕЕ РЕГИОНОВ**

2008 жылғы қаңтар-сәуір
январь-апрель 2008 года

Астана, 2008

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

**Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы
журнал**

1991 жылдан бастап шығады

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі

Бас редактор – А. Мешімбаева

**СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Ежемесячный информационно-аналитический
журнал**

Издается с 1991 года

Учредитель: Агентство Республики Казахстан по
статистике

Главный редактор – А. Мешимбаева

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында» 2008 жылғы қаңтар-сәуірдегі ел экономикасының дамуы туралы жедел статистикалық деректер бар.

«Қазақстан Республикасы және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері» қосымшасында тиісті бөлімдер бойынша кестелік материал келтірілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (жедел деректер)» ай сайынғы журналын электрондық түрде де ұсыну мүмкіндігі бар.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000
Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер Үйі,
35 көше, 2 үй
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Телефон: 8 (7172) 74-92-95
Факс: 8 (7172) 74-95-46
Электрондық мекен-жай: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http://www.stat.kz

Шартты белгілер:

-- құбылыс жоқ
0,0 – болмашы шама
... – деректер жоқ

Таралымы: 250 дана
Көлемі = 29,4 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылғы 14 тамызда тіркелген №3156-Ж

«Социально-экономическое развитие Республики Казахстан» содержит оперативные статистические данные о развитии экономики страны в январе-апреле 2008г.

В приложении «Статистические показатели социально-экономического развития Республики Казахстан и ее регионов» приведен табличный материал по соответствующим разделам.

Агентство Республики Казахстан по статистике имеет возможность предоставлять ежемесячный журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан (оперативные данные)» также в электронном виде.

Адрес: Республика Казахстан, 010000
г. Астана, Левый берег, Дом Министерств,
35 улица, д. 2
Агентство Республики Казахстан по статистике
Телефон: 8 (7172) 74-92-95
Факс: 8 (7172) 74-95-46
Электронный адрес: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http://www.stat.kz

Условные обозначения:

-- явление отсутствует
0,0 – незначительная величина
... – данные отсутствуют

Тираж: 250 экз.
Объем = 29,4 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002г. №3156-Ж

Мазмұны Содержание

I.	ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕЛЕР МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОЯСНЕНИЯ.....	5
II	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ СТАТИСТИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	31

Негізгі статистикалық көрсеткіштер серпіні Динамика основных статистических показателей

1.	Жалпы ішкі өнім Валовый внутренний продукт	31
2.	Өнеркәсіп өндірісі Промышленное производство	32
3.	Ауыл шаруашылығы Сельское хозяйство	37
4.	Құрылыс Строительство.....	45
5.	Көлік пен байланыс Транспорт и связь	47
6.	Сауда Торговля	49
7.	Сыртқы сауда Внешняя торговля	51
8.	Инвестициялар Инвестиции	53
9.	Бағалар Цены	54
10.	Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу Рынок труда и оплата труда	79
11.	Халық табыстары Доходы населения	87
12.	Демографиялық ахуал Демографическая ситуация	88

Жедел статистикалық көрсеткіштер Оперативные статистические показатели

1.	Жалпы ішкі өнім Валовой внутренний продукт	91
2.	Өнеркәсіп өндірісі Промышленное производство	93
3.	Ауыл шаруашылығы Сельское хозяйство	96
4.	Құрылыс Строительство.....	97
5.	Көлік пен байланыс Транспорт и связь	100
6.	Шағын кәсіпкерлік мониторингі Мониторинг малого предпринимательства.....	103
7.	Сыртқы сауда Внешняя торговля	106
8.	Инвестициялар Инвестиции	110
9.	Бағалар Цены.....	112
10.	Мемлекеттік қаржы Государственные финансы	131

11.	Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу Рынок труда и оплата труда	141
12.	Халық табыстары Доходы населения	152
13.	Халықтың ауру-сырқаулығы Заболеваемость населения	155
14.	Құқық бұзушылық Правонарушения	161
15.	Конъюнктуралық зерттеулер Конъюнктурные обследования	166
III	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ Өңірлерінің статистикалық көрсеткіштері СТАТИСТИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ РЕГИОНОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	171
1.	Өнеркәсіп Промышленность	171
2.	Ауыл шаруашылығы Сельское хозяйство	197
3.	Құрылыс Строительство	202
4.	Шағын кәсіпкерлік мониторингі Мониторинг малого предпринимательства	204
5.	Тұтыну рыногы Потребительский рынок	206
6.	Инвестициялар Инвестиции	208
7.	Баға Цены	210
8.	Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу Рынок труда и оплата труда	224
9.	Халық табыстары Доходы населения	230
10.	Демографиялық ахуал Демографическая ситуация	232
11.	Халықтың ауру-сырқаулығы Заболеваемость населения	234
12.	Құқық бұзушылық Правонарушения	236
IV	2008 жылғы наурызда ТМД елдері бойынша негізгі Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер ОСНОВНЫЕ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ ПО СТРАНАМ СНГ В МАРТЕ 2008 ГОДА	238
V	ЕО және Еуро-аймақ елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ СТРАН ЕС И ЕВРО-ЗОНЫ	242
VI	Жекелеген тауарлардың әлемдік рыноктарындағы бағалар серпіні ДИНАМИКА ЦЕН НА МИРОВЫХ РЫНКАХ ОТДЕЛЬНЫХ ТОВАРОВ	248

I. ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕЛЕР

ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – елдің экономикалық қызметін қорытындылайтын көрсеткіш. Өндіріс сатысында жалпы қосылған құн салалар бойынша жиынтықтау жолымен алынады. Бұл елдің экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің аса маңызды көрсеткіштерінің бірі. Жалпы ішкі өнім рынок бағасы бойынша есептеп шығарылады, яғни өзге өнімдерге және импортқа салынған таза салықтарды қосады. «Таза» термині салықтың тиісті демеу қаржылардың шегеріліп көрсетілгенін білдіреді.

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

Еңбек өнімділігі өндірістің тиімділігін бағалау үшін пайдаланылатын индикаторлардың бірі болып табылады. Еңбек өнімділігі бір факторлық (шығарылым көрсеткішін немесе жалпы қосылған құнды шығынның жалғыз көрсеткішімен байланыстыратын) және көп факторлық (шығарылым көрсеткішін немесе ЖҚҚ-ны өртүрлі ингредиенттер шығынының жинақталымымен байланыстыратын) болып бөлінеді.

Еңбек өнімділігінің индекстері ЖІӨ-нің нақты көлем индекстерін экономикада жұмыспен қамтылғандар санының өсу (кему) қарқынына бөлу жолымен есептеледі.

ӨНЕРКӘСІП

Құндық көріністегі өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі есепті кезеңде барлық өңделген дайын бұйымдар және тысқары өткізілген жартылай дайын фабрикаттар (өзінің шикізаты мен материалдарынан, сонымен қатар тапсырыс берушінің шикізаты мен материалдарынан), сондай-ақ басқа жақтан немесе өнеркәсіптік емес шаруашылықтар мен өз кәсіпорын ұйымдарының тапсырысы бойынша өнеркәсіп сипатта орындалған жұмыстар құны. Өнеркәсіп өнімінің көлемі кәсіпорынның ағымдағы жылы қолданыста болған нақты өткізілген бағаларда белгіленеді, мұнда қосылған құн салығы мен акциздер, экспортқа салынған баж және кедендік алымдар қосылмайды. Өнеркәсіп кәсіпорын өніміне осы кәсіпорын ішіндегі (ішкі зауыттық айналым) өнеркәсіп-өндірістік қажеттіліктерге жұмсалған меншікті өндіріс өнімінің құны енгізілмейді.

Өнеркәсіп өнімі көлемінің индексі салыстырмалы кезеңдердегі өндіріс ауқымының өзгеруін сипаттайды. Өнеркәсіп өнімі көлемінің индексін есептеу үшін белгіленген өкіл-тауар жиынтығы бойынша, олардың салалық және жалпы өнеркәсіптік индекстерге кейінгі біріктіруімен заттай көріністегі өндіріс өнімдері көрсеткіштерінің серпінінде негізделген әдіс пайдаланылады. Салыстырмалы бағалар ретінде қосылған құн салығы мен акциздерсіз өткен жылғы орташа жылдық бағалар қолданылады.

Заттай көріністегі өнеркәсіп өнімінің өндірісі, әдеттегідей, осы кәсіпорын ішінде өнеркәсіп-өндірістік қажеттіліктерге жұмсалған және алыс-беріс шикізатынан өндірілген өнімдер есебімен заттай көріністегі өнімдердің нақты түрі шығарылымын көрсетеді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Шаруашылықтың барлық санаттарына ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа (фермер) қожалықтары және жұртшылық шаруашылығы жатады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорны – негізі қызмет түрі ауыл шаруашылығы саласы болып табылатын заңды тұлға. Жергілікті бірлік – негізгі қызмет түрі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру болып табылатын, заңды тұлғалардың қосалқы шаруашылық түріндегі бөлімшесі.

Шаруа (фермер) қожалығы – кәсіпкерліктің жүзеге асырылуы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдаланумен, сондай-ақ осы өнімді өңдеумен және өткізумен үздіксіз байланысты адамдардың отбасылық-еңбек бірлестігі. Заңды тұлға құрмай және оның нышандарынсыз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдар шаруа (фермер) қожалығының субъектілері болып табылады. Шаруа (фермер) қожалығы мынадай нысандарда құрылуы мүмкін:

кәсіпкерлік қызмет жалпы бірлескен меншік базасында құрылған отбасылық кәсіпкерлік нысанында жүзеге асырылатын шаруа қожалығы. Жер учаскесін жалдау немесе тұрақты пайдалану құқығын беретін мемлекеттік актіні алу негізінде құрылады;

жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру негізінде құрылған фермер қожалығы. Ауыл шаруашылығы қызметіне патент алу негізінде құрылады;

бірлескен шаруашылық қызметі туралы шарт негізінде жәй серіктестік нысанында ұйымдастырылған фермер қожалығы.

Жұртшылық шаруашылығына халықтың, жеке қосалқы шаруашылықтары, ұжымдық бақтар мен бақшалар, саяжай учаскелері жатады.

Жеке қосалқы шаруашылықтарға жер ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін пайдалануға, иеленуге және меншікке беріледі.

Ұжымдық бақтар мен бақшалар – жер пайдалану нысаны, мұнда жер бағбандық пен бау-бақша өсіру үшін азаматтар ұжымына бөліп беріледі.

Ауыл шаруашылығы өнімі күнтізбелік жыл бойында өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығында өндірілген өнімдердің нақты өлшенген орташа өткізу бағасымен ақшаға шағылуы.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты көлемі индексін есептеу үшін оның көлемінің салыстырма бағадағы көрсеткіші қолданылады. Салыстырмалы баға ретінде алдындағы жылдың орташа жылдық бағалары қолданылады.

Өсімдік шаруашылығының жалпы өніміне осы жылғы егіннен алынған өнімдер құны, жас көп жылдық екпе ағаштарды өсіру құны және жыл басынан соңына дейін аяқталмаған өндіріс құнының өзгеруі кіреді.

Мал шаруашылығының өніміне мал, құс және басқа жануарларды өсіру, сүт, жүн, жұмыртқа, бал және басқаларын өндіру құны кіреді.

Егістік жерлер (көктемгі өнімді аудан) – бұл ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жердің ауданы. Оның құрамына, қысқы солғандарын есептен шығарып тастағандағы өткен жылғы егілген күздіктер, дербес ауданға, оның ішінде солған күздіктердің орнына қайта себілгендерді қоса, ағымдағы жылы егілген жаздық дақылдар және берілген жылы егілген көпжылдық шөптер (бүркемесіз), бұрынғы жылдары егілген көпжылдық шөптердің биыл жиналатын ауданы, яғни көктемге сақталған шабындық ауданы кіреді.

Жиналған алқап – бұл ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімі жиналған нақты алқап.

Жалпы түсім – бұл бір шаруашылықтың немесе қандай-да бір аумақтық бөлімшенің шегіндегі әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық егістігінен, ауыл шаруашылығы екпелерінен немесе басқа ауыл шаруашылығы жерлерінен өндірілген (жиналған) өнім. Дәнді дақылдардың, күнбағыстың, қант қызылшасының (фабрикалық) жалпы түсімі жетілдіруден кейінгі (тазалау, кептіру) салмақ бойынша, басқа дақылдардың – алғашқы кіріске алынған нақты салмағы бойынша көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі – жер бірлігінен ауыл шаруашылығы өнімінің орташа жиналымын сипаттайтын көрсеткіш, ереже ретінде, 1 гектардан жиналған центнермен есептеледі.

1 қаңтардағы жағдай бойынша **мал саны** жыл сайынғы есеп (санақ) негізінде белгіленеді және малдың сәйкес түрінің барлық жыныстық-жастық топтарының саны кіреді.

Ет өндіру – мал мен құстың барлық түрі мемлекетке, тұтынушылар кооперацияларына, базарға, меншікті сауда желісі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары арқылы, баспа – бас айырбас операциялары бойынша айырбастауға және т.б. союға өткізу (тірі салмағында).

Сүт өндіру нақты сауылған сиыр, қой, ешкі, түйе, жылқы сүтімен сипатталады, ол өткізілді ме немесе бір бөлігі шаруашылықта бұзаулар мен торайларды суаруға тұтынылды ма, оған қарамайды. Емізіп асырау кезінде бұзаулар сорған сүт өнімге кірмейді және бір сиырдан сауылатын сүт мөлшерін анықтағанда есепке алынбайды.

Бір сиырдан **сауылған орташа жылдық сүт мөлшері** жыл басындағы және әрбір есепті кезеңнің басындағы орташа сиыр санына есептеліп келтіріледі. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бір сиырдан сауылған сүт мөлшерін анықтағанда жалпы сиыр санынан бордақылауда тұрған сиырлар, еттік табындағы сиырлар және бұзауларды топтап емізіп бағу үшін бөлінген сиырлар есептен шығарылады.

Жүн өндіру, оның сатылғаны немесе шаруашылықтың ішкі қажеттілігіне жұмсалғанына байланыссыз, қой, ешкі және түйенің нақты қырқылған жүнін түгел есептейді. Қой терісін былғарыға өнеркәсіптік өңдеу кезінде алынған жүн («қышқыл жүн» деп аталатын) өнімге енгізілмейді. Жүннің тура қырқудан кейінгі табиғи салмағы көрсетіледі.

Жұмыртқа өндіру, құстар санын ұдайы өсіруге (инкубацияға, басқаға) жұмсалған жұмыртқа санын қоса, олардың бір жылда үй құстарының барлық түрлерінен жиналғанын есептейді.

Малдан төл алу есепті кезең ішінде алынған төл басының осы кезеңдегі аналықтың орташа бас санына қатынасы ретінде анықталады.

Малдың өлім-жітімі өлген және шарасыздықтан сойылған жануарлар санының айналымдағы малдың жалпы басына (жыл басындағы мал басы, жыл ішіндегі малдан төл алу және әкелу көрсеткіштерінің жиынтығы) қатынасы ретінде пайызбен анықталады.

ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс қызметі – жаңа объектілер салу және (немесе) бар объектілерді өзгерту (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, қайта құру, қалпына келтіру, күрделі жөндеу), солармен байланысты технологиялық және инженерлік жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстарды жүзеге асыру жолымен өндірістік және өндірістік емес негізгі құрал-жабдықтарды жасау бойынша қызмет.

Құрылыс мекемелеріне – жалпықұрылыстық және мамандандырылған, жөндеу-құрылыс ұйымдарын қоса есептегендегі барлық ұйымдар жатады. Құрылыс ұйымдарының негізгі қызметі тапсырыс берушімен мердігерлік келісім шарт бойынша орындаған, мемлекеттік «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауыштарына (ЭҚЖС)» сәйкес қызмет түрі «Құрылыс» болып табылатын жұмыстар жатады.

Құрылыс жұмыстарының көлемі – құрылыс ұйымдарының үйлер мен ғимараттарды салу, жаңғырту, кеңейту, күрделі және ағымдағы жөндеу, құрал-жабдықтарды монтаждау бойынша орындалған жұмыстар құны.

Үйлерге – көтеру және қоршау немесе қосарланған (көтеру және қоршау) құрылымынан тұратын, функционалдық мақсатына қарай адамдардың тұруына немесе келіп қетуіне арналған және алуан түрлі өндірістік үдерістерді орындау үшін жер үстіндегі тұйықталған көлемді құрайтын құрылыс жүйесі жатады.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру – құрылысы аяқталған жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлер, жатақханалар, әлеуметтік топтарға арналған тұрғын үйлерді (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар, балалар үйлері, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлер, тұрақты мекен-жайы жоқ адамдарды бейімдеу орталықтары) белгіленген тәртіпте пайдалануға беру жатады.

Тұрғын үйдің жалпы ауданы – сыртқы қабырғалардың ішкі жақтары шегінде өлшенген үйлер қабаттары алаңының сомасы. Қабат алаңына балкондар, лоджиялар, террас пен верандалар, баспалдақ алаңы мен басқыштар олардың алаңын қабат деңгейінде есепке ала отырып кіреді. Қабат алаңына лифтік және басқа да шахталарға арналған алаңдар кірмейді.

Тұрғын үйдің пайдалы ауданы (пәтер ауданы) – барлық тұрғын және қосалқы үй-жайлардың, кіріктіріме шкафтардың (антресолдерден басқа), пәтер ішіндегі салқын қоймалар, балкондар, лоджиялар, террас пен верандалардың алаң жиынтығы.

Тұрғын үйлердің жалпы ауданының 1 шаршы метр құрылысының орташа нақты құны құрылыстың басталу күніне және жайлылық пен қабат деңгейіне қарамастан есепті жылы құрылысы біткен барлық тұрғын үйлердің жалпы ауданының 1 шаршы метріне құрылыс салушылар жұмсаған шығындардың нақты жиынтығы ретінде анықталады.

КӨЛІК ПЕН БАЙЛАНЫС

Тасымалданған жүк – көлікпен тасымалданған тоннадағы жүк саны.

Көліктің жүк айналымы – жүк тасымалдауға арналған көліктің жұмыс көлемі, тонна-километрмен тұлғаланады (яғни 1 тонна жүктің 1 километрге орын ауыстыруы). Тасымалданған жүктің тоннадағы массасының тасымалдың километрдегі ара қашықтығына көбейтіндісін жиынтықтаумен есептеледі.

Тасымалданған жолаушылар – уақыттың нақты кезеңі ішінде тасымалданған жолаушылар саны. Жолаушы-сапар жолаушыларды тасымалдау статистикасындағы бақылау бірлігі болып табылады.

Көліктің жолаушылар айналымы – жолаушылар тасымалдауға арналған көліктің жұмыс көлемі. Жолаушы-километр өлшем бірлігі болып табылады, яғни жолаушының 1 километр қашықтыққа орын ауыстыруы. Әрбір тасымалдаудағы жолаушылар санының тасымалдың километрдегі ара қашықтығына көбейтіндісін жиынтықтаумен анықталады.

Автомобиль көлігі бойынша жүк тасымалдау, жолаушылар тасымалдау және жүк айналымы, жолаушылар айналымы көлеміне, кәсіпкерлік субъектілер (жүктер мен жолаушылардың коммерциялық тасымалымен айналысатын жеке тұлғалар), сондай-ақ көлік емес кәсіпорындар орындаған тасымалдау көлемін бағалау кіреді.

Байланыс қызметінің көлемі – ақшалай тұлғаланудағы пошта жөнелтімдері мен электр байланыс хабарламаларын қабылдау, өңдеу, табыстау және жеткізу бойынша жұмыстар көлемі.

САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР

Бөлшек сауда – жаңа және бұрын пайдаланылған көпшілік қолды тауарларды жеке тұтыну немесе үйде пайдалану немесе кәдеге жарату үшін алып-сату (өңдемей сату).

Көтерме сауда – жаңа және бұрын пайдаланылған тауарларды бөлшек сауда сатушыларға, өнеркәсіптік, коммерциялық, мекемелік немесе кәсіби пайдаланушыларға немесе көтерме сауда сатушыларға, сондай-ақ осындай тұлғалардың немесе компаниялардың атынан тауарларды сатып алған кезде делдал немесе агент ретінде қызмет ететіндерге, немесе осы тауарларды сататындарға алып-сату (өңдемей сату).

Сыйақы үшін көтерме сауда айналымы (комиссиялық агенттер арқылы) – кәсіпорындардың, делдалдық қызметінің нәтижесінде алынған табысты (сыйақыны) анықтайды.

Қоғамдық тамақтандыру – тамақ өнімдерін өндіру, өңдеу, сату және тұтынуға байланысты кәсіпкерлік қызмет.

Автокөлік құралдарын және жеке пайдаланатын заттарды жөндеу бойынша кәсіпорындардың қызметі осы қызмет түрлерін жүзеге асыратын кәсіпорындардың көрсеткен жұмыстарының (қызметтерінің) құнын бейнелейді.

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК

Шағын кәсіпкерлік субъектілері – заңды тұлға құрмаған жеке тұлғалар және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, қызметкерлерінің орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын, жыл ішіндегі активтерінің жалпы құны алпыс мың есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын серіктестік немесе өндірістік кооператив түріндегі заңды тұлғалар.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» заңға сәйкес шағын кәсіпкерлікке жатпайтын қызмет түрлерін жүзеге асыратын субъектілер шағын кәсіпкерлік субъектілері бола алмайды.

Осы жинақта шағын кәсіпкерліктің тек ресми тіркелген субъектілері бойынша ғана деректер келтірілген.

Жеке тұлға – Қазақстан Республикасы азаматы, басқа мемлекеттің азаматы, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлға.

Заңды тұлға – меншіктің шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында оқшау мүлкі бар және осы мүлікпен өзінің міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып ала алатын және жүзеге асыра алатын, сотта талап қоюшы және жауап беруші бола алатын ұйым. Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуы тиіс.

Шағын бизнес кәсіпорны – заңды тұлға түріндегі шағын кәсіпкерлік субъектісі.

Шағын бизнестің жұмыс істейтін кәсіпорны – экономикалық қызметті жүзеге асыратын немесе әлеуетті жүзеге асыра алатын шағын бизнес кәсіпорны.

Шағын бизнестің белсенді кәсіпорны – экономикалық қызметті жүзеге асыратын шағын бизнес кәсіпорны.

Шағын бизнес кәсіпорнының мөлшері - жылына орта есеппен кәсіпорында жұмыспен қамтылғандар санымен байланысты ұғым. Кәсіпорын мөлшерлерінің ведомстволық сыныптауышына (КМС) сәйкес сыныпталады.

Жеке кәсіпкерлер – кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтар. Міндетті мемлекеттік тіркелімнен өтуі тиіс:

- жалдамалы қызметкерлердің еңбегін тұрақты пайдаланатын;

- кәсіпкерлік қызметтен салық салынбайтын табыс мөлшерінен асатын жылдық жиынтық табысы бар жеке кәсіпкерлер.

Жеке кәсіпкерлердің мемлекеттік тіркелімін салық органдары жүзеге асырады.

Экономикалық қызмет түрі – онда жабдық, жұмыс күші, өндірістік процестер, ақпарат желілері және өнім бірігетін қызмет, бұл біртекті өнім (тауар, қызмет) жасауға алып келеді. Экономикалық қызмет түрі шығынмен, өндіріс және өндірілген өнім процесімен сипатталады. Шағын кәсіпкерліктің әрбір тіркелген субъектісіне қосылған құнның ең жоғары өсімін қамтамасыз ететін, яғни негізгі болып табылатын экономикалық қызмет түрі беріледі. Қызмет түрі ЭҚТЖС мемлекеттік сыныптауышына сәйкес анықталады.

СЫРТҚЫ САУДА

Тауарлардың сыртқы сауда статистикасы бойынша деректер кедендік жүк декларацияларын өңдеу негізінде алынған **ұйымдаспаған сауданы ескерусіз** келтіріледі. Тауарлар дегеніміз еліміздің материалдық ресурстарын әкелген кезде арттыратын, ал шетке шығарған кезде кемітетін барлық жылжитын мүлік (электр энергиясын, газ бен мұнайды қоса).

Сыртқы сауда статистикасында ескерілетін негізгі көрсеткіштер: сыртқы сауда айналымы, экспорт және импорт.

Сыртқы сауда айналымы – елдің белгілі кезеңдегі экспорт және импорт құндарының сомасы.

Тауарлар экспорты – сыртқы рынокта өткізу үшін елден тауарларды шетке шығару, сондай-ақ шетелде шығарылған тауарлардың кері экспорты.

Тауарлар импорты – шетелден ел ішінде пайдалану үшін және кері экспорт үшін шетелде шығарылған тауарлар әкелу.

Республикамыздың кеден статистикасы тауарлар әкелу және шетелге шығару есебінен сыртқы сауданың «жалпы» есептеу жүйесі негізінде жүргізеді, онда еліміздің мемлекеттік аумағы шегіне түсетін немесе оның шегінен асып кететін барлық тауарлар ескеріледі. Еліміздің мемлекеттік шекарасы статистикалық аумақтың шекарасы болып табылады.

Сыртқы сауда ағынының **географиялық бөлінуі** мына тәсімде жүргізіледі:

- тауарлар экспорты – тауардың жеткізілетін (тұтынатын) елі бойынша;

- тауарлар импорты – тауардың шығарылған елі бойынша, ал өнер туындылары, коллекциялау мен антиквариат заттары және кері импорт тауарлары, жөнелту елі бойынша есепке алынады.

Экспорт тауарларының **құндық есебі** FOB немесе FOH бағаларында (тауарды сату шарты, ол бойынша тауар бағасына оның құны және тауарды кеме бортына немесе экспортшы елдің шекарасына дейін жеткізу мен тиеу шығыстары қосылады); импорт тауарлары – ҚСТ немесе ТСТ бағаларында (тауарды сату шарты, ол бойынша тауар бағасына оның құны, тауарды сақтандыру және портқа немесе импортшы елдің шекарасына дейін тасу шығыстары қосылады) шығарылады.

Құндық көрсеткіштер АҚШ долларымен көрсетіледі, шетел валютасын долларға қайта есептеу кеден декларациясын ресімдеуге қабылдау күніне, республиканың Ұлттық банкі белгілеген ресми курс бойынша жүзеге асады.

Экспорт пен импорт есебінде тауарларды сипаттау мен кодтаудың алты таңбалы үйлестірілген жүйесі (ҮЖ) және Еуропалық Одақтың құрамдастырылған тарифтік-статистикалық номенклатурасы (ЕО ҚН) базасында «Еуразиялық экономикалық қауымдастығы сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасы (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН)» сыныптамасы колданылады.

Тауардың өлшем бірлігі ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН сәйкес анықталады. Сыртқы сауданың кедендік статистикасында тауарлардың сандық есебі нетто салмағы бойынша және номенклатурада көрсетілген қосымша өлшем бірліктерінде (дана, жұп, литр және т.б.) жүргізіледі.

ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Қазақстанның төлем балансы – бұл белгілі бір кезең ішінде резиденттер мен бейрезиденттер арасында жасалған барлық экономикалық операциялардың жүйелі түрдегі көрінісі.

Төлем (ТБ) балансын құру және бағалау есепке алудың стандарттық ережелеріне және анықтауларға сәйкес, Халықаралық Валюта Қорының Әдіснамасы (Төлем балансын құру жөніндегі басшылық, ХВҚ 5-басылым, 1993ж.) негізінде жүргізіледі.

ТБ құрудың және анықтаудың негізгі ережелері:

- резиденттер және бейрезиденттер арасында жасалатын операцияларды есепке алу;
- операцияларды қосарлы жазба жүйесі бойынша есепке алу;
- қорлар емес, ағындар көрінісі;
- операциялардың және түрлі валюталарда ірілендірілген сомалар аудармасының есепке алудың бірегей бірлігіндегі құндық бағасы;
- операцияларды иесі ауысқан сәтте тіркеу;
- операцияларды олардың типтері және экономика секторлары бойынша көрсету.

Қосарлы жазба **жүйесі** төлем балансындағы операциялардың екі түрлі шамада көрсетілуін талап ететін, бірі – кредит бойынша оң белгімен, екіншісі - дебет бойынша теріс белгімен жазылады. Оң мәндер валюталар түсімін білдірсе, ал теріс мәндер – валюталардың жылыстауын керсетеді.

Кредиттік өткізбелердің барлық сомасы барлық дебеттік жазбалар сомасына баламалы болуы, ал таза баланс нөлге тең болуы тиіс. Тәжірибеде мінсіз есепке қол жеткізу қиын, себебі түрлі ақпарат көздері мен сараптық бағалаулар қолданылады, сондықтан да «Таза қателіктер мен ағаттықтар» деген баланстаушы бап бар.

Операциялар құнын бағалау. Операциялар мәмілелердің тәуелсіз қатысушылары арасындағы келісімдер мен шарттарда көрсетілген өздерінің нақты нарықтық құны бойынша бағаланады.

Тіркеу уақыты. Экономикалық құндылықтармен жасалатын операцияларды тіркеу оларды құру, түрлендіру, айырбастау, аудару және өтеу сәтінде немесе меншік иесінің ауысуы сәтінде жүргізіледі, бұл есептеу әдісі бойынша халықаралық тәжірибедегі жалпы қабылданған есепке сай.

Резидент және бейрезидент. Экономикалық бірлік-жеке немесе заңды тұлға, экономикалық мүдде орталығы болған жағдайда және осы экономикалық аумақта бір жылдан астам уақыт тұрған жағдайда экономика резиденті ретінде қаралады. Елдің экономикалық аумағы дегеніміз – шегінде жеке тұлғалар, тауарлар мен капитал еркін орын ауыстыра алатын, үкіметтің заңдық хұкіміндегі оның географиялық аумағы, сондай-ақ елшілік, өкілдік, әскери базалар және тағы сол секілді басқа мемлекет аумағында орналасқан аумақтық анклавтар.

Операция типтері. Операциялар нақты (тауарлар, қызметтер, табыстар, өндірілмеген қаржы емес активтер) және қаржы ресурстарымен жасалатын операциялар болып бөлінеді.

Операциялардың негізгі типтері:

- нақты ресурсты нақты (бартер) немесе қаржы (қолма-қол ақшасыз есептесу, кредит және т.с.с.) ресурсына айырбастау, жаңа қаржылық талаптар немесе міндеттемелер жасауды және олардың күшін жоюды (борышты өтеу) қоса;
- кейбір қаржы ресурстарын басқаларға айырбастау;
- өндіріс факторларын (еңбек және капитал) пайдаланудан түскен төлемдер немесе табыстардың түсімдері;
- өтеусіз трансферттер – экономикалық құндылықтардың бір жақтан екінші жаққа ешқандай талаптарсыз берілуі немесе құндылықтардың міндеттемелерсіз алынуы. Трансферттер ағымдағы және күрделі болып келеді. Халық көші-қонымен қатар жүретін материалдық және қаржы ресурстарының қозғалысы күрделі трансферттерге жатады.

Төлем балансы келесі негізгі компоненттерден тұрады: ағымдағы шот, капитал қозғалысының шоты, қаржы шоты (резервтегі активтерді қоса).

Ағымдағы шот тауарлармен және қызметтермен жасалатын операцияларды, резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы табысты және ағымдағы трансферттерді көрсетеді. **Капитал қозғалысының шоты** күрделі трансферттермен және өндірілмеген қаржы емес активтермен жасалатын операцияларды

қамтиды. **Қаржы шотына** халықаралық инвестициялық жайғасымды өзгертетін қаржы құралдарымен жасалатын барлық операциялар кіреді.

Төлем балансы секторларының, қосалқы шоттары өзара тығыз байланысты. Ағымдағы шот және күрделі трансферттер бойынша сомадағы оң баланс активтердің таза өсуін немесе міндеттемелердің таза төмендеуін білдіреді, ал дефицит, керісінше, активтердің таза қысқаруына немесе міндеттемелердің бейрезиденттер алдында таза өсуіне әкеп соғады. Қаржы шоты балансының, сыртқы таза активтер мен міндеттемелер өзгерісінің құрылымы қаржылық талаптар мен міндеттемелердің қайсысы өсіп, қайсысы төмендегенін көрсетеді.

Жоғарыда аталған операциялар төмендегі сыныптама бойынша түрлі баптарда көрсетіледі.

Тауарлар. Бұл бап әрі қарай реимпортталып және реэкспортталатын қайта өңдеуге арналған тауарларды қоса тауарлар саудасын, кемелер сияқты қозғалмалы тауарларды күрделі жөндетуді, көлік құралдарының порттарда сатып алған тауарларын, монетарлық емес алтынды қамтиды. Сыртқы сауда бойынша операциялардың жете бағаланбауына байланысты қамту бойынша түзетулер жүргізіледі – база «әбжілдер саудасы» және операциялардың құндық бағасы бойынша деректермен толықтырылады – экспорт және импорт бойынша бартер «баламалық емес бартерге» теңестіріледі, сондай-ақ ҚСТ импортының құны резиденттер мен бейрезиденттер жүзеге асырған жүк тасымалдау мен сақтандыру бойынша қызметтер құнын шегеру жолымен әдіснама бойынша талап етіліп отырған FOB импортының құнымен келтіріледі.

Қызмет көрсету қызметтердің барлық санаттарын қамтиды, атап айтқанда, негізінен кеңес беру және білім беру түріндегі техникалық көмекті қосатын жүк және жолаушылар тасымалдау, туризм және өзге де қызметтер, геофизикалық, құрылыстық, коммуникациялық және үкімет қызметтері мен басқа да қызметтер.

Табыс өндіріс факторларын – еңбек пен капиталды пайдаланудан түскен табыстардан тұрады. Бұл қызметшілерге берілетін өтемақылар, сондай-ақ тікелей, портфельдік және өзге де инвестициялардан, резервтерден түскен табыстар. Капиталдан түскен табыстар дивидендтер, пайыздар және өзге де табыстар түрінде болуы мүмкін.

Ағымдағы трансферттер. Осы бап экономикалық құнның баламасын өтеусіз грант түрінде алынған немесе табыс етілген нақты және қаржы ресурстарымен жасалатын операциялардың бақылау өткізбесін қосады, мәселен, гуманитарлық және техникалық көмек. Осы бап сонымен қатар түрлі халықаралық және мемлекетаралық ұйымдарға салынатын үкімет жарнасын, жеке тұлғалардың салықтары мен аударылымдарын қамтиды.

Күрделі трансферттер меншікті меншіктену құқығын өтеусіз беруді, негізгі қорларды және борышты өтеуді қосады. Ақшалай қаражатты өтеусіз беру – берілетін қаражат негізгі қорлар сатып алуға немесе күрделі құрылысқа жұмсалатын жағдайда ғана күрделі трансферттер ретінде қаралады.

Тікелей инвестициялар. Тікелей инвестор – қатысушылық үлесі бар немесе ол инвестициялаған кәсіпорын акцияларының 10%-дан астамын иеленетін инвестор. Тікелей инвестициялар тауар, жылжымайтын мүлік, қаржы ресурстары түрінде болуы мүмкін. Төлем балансындағы тікелей инвестициялар активтердің экономикалық мәні бар, шетелге шығарылатын тікелей инвестициялар (резиденттердің басқа экономикадағы инвестициялары) ретінде және бейрезиденттер алдындағы міндеттемелердің экономикалық сипаты бар ұлттық экономикадағы тікелей инвестициялар (бейрезиденттердің осы экономикадағы инвестициялары) сияқты сыныпталады.

Портфельдік инвестициялар. Бұл санатқа корпорациялық бағалы қағаздардағы инвестициялар, оның ішінде акциялар жатады, бұлардан алынған сома (қатысу үлесі) 10%-дан азын құрайды және мемлекеттік борыштық бағалы қағаздар жатады. Борыштық бағалы қағаздарға мерзімі бір жылдан астам облигациялар мен айналыстағы вексельдер, ақша рыногының құралдары мен қаржылық туынды құралдар кіреді.

Басқа да инвестицияларға сауда (коммерциялық) кредиттер, үкімет және жеке меншік қарыздары, валюта және депозиттер, сондай-ақ өзге де активтер мен міндеттемелер, тауарлар мен қызметтерді жеткізу келісімдері бойынша дебиторлық және кредиторлық берешектер кіреді.

Резервтегі активтер – төлем балансының, мемлекеттің сыртқы операцияларын талдаудағы аса маңызды болып табылатын компоненті. Халықаралық резервтер мемлекеттің сыртқы активтерін тұрады, мұндай операцияларды Ұлттық банк жүргізеді. Олар төлем балансының дефицитін валюта рыногындағы валюта бағамын реттеуге арналған интервенциялармен қаржыландыру үшін және ұлттық валютаның тұрақтылығын сақтау үшін қолданылуы мүмкін. Резервтегі активтер монетарлық алтыннан, АӨҚҚ-дан, ХВҚ-дағы резервтік жайғасымнан, шетел валютасындағы активтерден (валюта, депозиттер, бағалы қағаздар) және басқа да талаптардан тұрады. Төлем балансында алтын қорлардың, монетарлық алтынмен жасалатын операциялар, яғни, басқа орталық банктің немесе халықаралық қаржылық ұйымдардың алтынды сатып алуы/сатуы нәтижесінде болған өзгерістерін ғана бейнелеу қабылданған.

Төлем балансын табыс етудің стандарттық және талдамалық нысаны бар. Талдамалық табыс етуде компоненттер пайдаланушының мақсатына қарай қайта топтастырылады.

ТАУАРЛЫҚ РЫНОКТАР

Өнімнің (тауардың) жекелеген түрлерінің ресурстары – өз кезегінде оларды пайдалану арналарын анықтау мүмкіндігін туғызатын баланстық әдіс негізінде оларды елдің ішкі рыногында қалыптастыру көздері келтіріледі.

Бөлімде маңызды тауарлық рыноктардың жай-күйін талдау жүзеге асырылады, отандық өндірістің, ресурстарды қалыптастырудағы салым үйлесімінің ара салмағы және олардың экспорттық әлуегі келтіріледі.

Импорттың орнын басу – ішкі және де сыртқы тауарлық рыноктарда бәсекеге жарамды импортты алмастыратын отандық өндіріс өнімін (тауарын) дамыту жөніндегі Қазақстан Республикасы саясатының тұжырымдамасы. Импорттың орнын басу тұжырымдамасы «Қазақстан – 2030» стратегиясын іс жүзінде жүзеге асыру болып табылады.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Негізгі капиталға салынған инвестиция негізгі құрал-жабдықтарды жасауға, ұдайы жаңғыртуға бағытталған шығындар жиынтығы болып табылады. Негізгі капиталға салынған инвестицияларға мыналар кіреді: үйлер және ғимараттар құрылысы мен оларды күрделі жөндеуден өткізу, машиналар, жабдықтар сатып алу және оларды күрделі жөндеуден өткізу, басқа да күрделі жұмыстар мен шығындар.

Құрылыс-монтаж жұмыстары – үйлер мен ғимараттарды салуға, кеңейтуге, жаңғыртуға және техникалық қайта жарақтандыруға; энергетикалық, технологиялық және басқа жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстарға кеткен шығындар.

Машиналарға, жабдыққа, аспапқа, құрал-сайманға инвестиция салу – бұл машиналар, көлік құралдарын, жабдықтар, аспап және құрал-сайман (арзан бағалы және тез тозғыш заттардан басқа) сатып алуға және оларды күрделі жөндеуге кеткен шығындар.

Үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеу жұмыстары – объектінің бастапқы құнын көбейтетін тұрғын және тұрғын емес ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу. Күрделі жөндеу барысында тозған конструкциялар мен бөлшектерді ауыстыру немесе оларды жөнделетін объектінің пайдалану мүмкіндіктерін жақсартатын неғұрлым мықты және үнемдісіне алмастыру жүргізіледі.

Басқа да күрделі жұмыстар мен шығындар биологиялық активтерге (көп жылдық дақылдарды отырғызу және өсіру, жұмысқа жегілетін, өнім беретін және асыл тұқымды табындарды іріктеу); геологиялық барлау шығындары; жерді жақсарту бойынша күрделі шығындар; бағдарламалық қамсыздандыру, деректер базасын құру және сатып алуға кеткен шығындар; әдеби және көркемдік шығармалардың түпнұсқасын көбейту үшін сатып алу шығындары және өзге шығындар жатады.

Тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар – жеке және көппәтерлі тұрғын үй, жатақханалар, елеуметтік топтарға арналған тұрғын үй құрылысын салуға шыққан шығындар.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар олар бағытталған экономикалық қызмет түрлері және инвесторлардың экономикалық қызмет түрлері бойынша бөлініп көрсетіледі.

БАҒА

Тұтыну бағасының индексі халықтың жеке тұтыну үшін сатып алған тауарлары мен қызметтері бағасының жалпы деңгейінің әр уақыттағы өзгерісін сипаттайды. Тауарлар мен қызметтер тізбесінде 508 айқындама бар. Бағаларды тіркеу республика астанасында, Алматы қаласында, барлық облыс орталықтарында және қалалар мен аудан орталықтарының іріктелген шеңберінде жүзеге асырылады. Бағаларды тіркеушітер бағалардың өзгеруі туралы ақпаратты жинауды тауарларды (қызметтерді) тікелей өткізу орындарында жүргізеді. Зерттеу жүргізілген күнгі қолма-қол төленген бағалар салықтарды қоса тіркеледі, бірақ оған жеткізу үшін төленетін қосымша алым кірмейді. Сапасы немесе саны есебіндегі ауытқулардан басқа бағалар мен тарифтердің әрбір өзгерісі қадағаланады.

Салмақтау сызбасы индекске енгізілген шығындардың барлық баптары бойынша базалық халықтың үй шаруашылықтары шығыстарының құрылымын көрсетеді. Жалпы тұтыну шығыстарындағы әрбір баптың үлесі оның салмағы болып табылады.

Республика бойынша орташа бағалардың деңгейі жекелеген өңірлердегі бағалар деңгейінің орташа арифметикалық салмақталған шамасы сияқты анықталады.

Базалық инфляция индексі – бұл жеміс пен көкөністер, бензин мен көмірге баға өзгерісін есепке алмай есептелген ТБИ-нің субиндексі.

Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы – құнының шамасы бойынша ең төменгі тұтыну қоржынына тең және адамдардың ең төмен мұқтаждарын қанағаттандыруды қамтамасыз ететін бір адамға қажетті ең төменгі ақшалай табыс. Ең төменгі тұтыну қоржыны азық-түлік қоржынынан және азық-түлік емес тауарлар мен қызметтердің шығысынан тұрады.

Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағасының индексі қосылған құн салығы және акциздер есебінсіз республика кәсіпорындары дайындаған өнеркәсіп өнімдері бағасының серпінін көрсетеді.

Өндірушілер бағасының өзгеруін байқау базалық кәсіпорындардың іріктемелі жүйесі бойынша жүргізіледі. Бағаларды тіркеу негізгі сапалық параметрлері бойынша қолданылатын шикізатқа және өндірістің технологиялық процесіне жақын аса таңдаулы бұйымдар кіретін тауарлардың белгілі тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

Өндірушілер бағасының жиынтық индексі есептеу өнеркәсіп өнімдерінің өткен жылғы құны туралы деректер ретінде жүретін тиісті салмақтау базасын қолдану арқылы жүргізіледі.

Өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді сатып алу бағасының индексі республиканың өнеркәсіп кәсіпорындары технологиялық процесс үшін сатып алған материалдық-техникалық ресурстар бағасының серпінін өлшеу үшін қолданылады. Тіркеу ресурстардың сұрыпталған топтары бойынша жүргізіледі.

Экспорттық жеткізілім бағасының индексі республикада өндіріліп, басқа елдерге шығарылатын тауарлар бағасының өзгеруін сипаттайды.

Импорттық түсімдер бағасының индексі республика мұқтаждары үшін әлемдік қауымдастық елдерінен сатып алынған өнімдер бағасының серпінін көрсетеді.

Олар кеден статистикасы деректерін пайдалану арқылы есептеледі. Тіркеуге жататын сыртқы сауда бағасы, кедендік баж және отандық делдалдарға (көтерме және бөлшек сауда) байланысты шығыстарды есепке алмағандағы, экспортталатын және импортталатын өнімдерді өткізу болып табылады. Бағалар серпінін байқау тауарлар топтарына кіретін өкіл-тауарлар жиынтығы бойынша жүргізіледі. Жеке индекстерді біріктіру үшін есепті жылдың алдындағы жылы экспортталатын және импортталатын өнімдер құны туралы деректер қолданылады.

Құрылыстағы баға индексі құрылысқа жұмсалған инвестициялардың технологиялық құрылым элементтері (құрылыс-монтаж жұмыстары, технологиялық жабдық, өзге де жұмыстар мен шығындар) бойынша баға индекстерін біріктіру жолымен есептеледі.

Құрылыс-монтаж жұмыстары бағасының индексі негізінде материалдар, детальдар бағасын тіркеу деректері және зерттеуші құрылыс ұйымдары сатып алған конструкциялар, сондай-ақ еңбекақы төлеуге, машиналарды, жабдықтарды пайдалануға жұмсалған шығындар өзгерісі үрдістерін және құрылыс-монтаж жұмыстарының құнын анықтайтын басқа элементтерді есепке алу жатыр. Республиканың барлық өңірлерінде базалық құрылыс ұйымдарының іріктемелі желісі бойынша бағаларды тіркеу жүргізіледі. Есептеу құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге жұмсалған шығындарды сипаттайтын материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының тізбесі болып табылатын әрбір экономикалық қызмет түрі үшін арнайы әзірленген технологиялық модельдер негізінде жүргізіледі.

Машина және жабдық бағасының индексі құрылыста пайдаланылатын отандық жабдықтарды өндірушілер бағасының, оларды жеткізу бойынша жүк тарифтерінің өзгеруін есепке ала отырып шетелден келетін машиналар мен жабдық бағасының өзгеруі туралы деректер бойынша есептеледі.

Өзге де күрделі жұмыстар мен шығындар өзгерісінің көрсеткіші осы жұмыстардың негізгі құрамдас бөлігі бағасының индексінен анықталады (жобалау-ізденіс жұмыстары, пайдалану және терең барлау бұрғылау жұмыстары және басқа да шығындар).

Ауыл шаруашылығының өткізілген өнімдері бағасының индексі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерінің өткізудің түрлі арналары бойынша өткізетін сұрыпталған көрнекті өнім түрлері бағасын тіркеу негізінде есептеледі. Байқау барлық меншік нысандарындағы ауыл шаруашылығы құралымдарының іріктелген желісі бойынша жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасы қосылған құн салығынсыз өнімді тасымалдау, тиеу және түсіру шығыстарын қоса келтіріледі.

Бір текті топтар және экономикалық қызмет түрі бойынша бағалардың жеке индекстерін біріктіру үшін салмақтау базасы ретінде белгілі базалық жыл ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу көлемі туралы деректер пайдаланылады.

Жүк тасымалдау тарифтерінің индексі әртүрлі көлік түрлері мен жүк тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтердің көліктік тарифтерінің өзгеруіне баға береді. Ол тасылған жүктердің әр түрлі белгілері бойынша (жүк түрі, жөнелтім мелшері, жеткізу жылдамдығы және т.б.) құрылымдық өзгеруін есепке алмай базалықпен салыстыра отырып, олардың ағымдағы кезең серпінін анықтайды. Көліктің әр түрі бойынша көрнекті қызмет көрсетуге, яғни, көліктің нақты түрімен ең жиі тасылатын бір тонна жүк түрін мөлшерленген қашықтыққа жеткізу (белгіленген маршрут) үшін тариф тіркеледі. Салмақтау базасы ретінде көлік кәсіпорындарының, жүк тасымалдау бойынша қызмет көрсетуден түсірген өткен жылғы табыстары туралы деректер қабылданады.

Занды тұлғаларға арналған байланыс қызметі тарифтерінің индексі пайдаланушылардың түрлі санаттарына арналған байланыстың, почта, курьерлік және телекоммуникация қызметтері тарифтерінің әр уақыттағы жалпы өзгерісін сипаттайды. Тарифтерді тіркеу республиканың барлық өңірлерінде байланыс кәсіпорындары көрсететін өкіл-қызмет түрлерінің белгілі тізбесі бойынша жүргізіледі. Салмақтау базасы ретінде кәсіпорындардың осы қызметтерді көрсетуден түсірген өткен жылғы табыстары туралы деректер пайдаланылады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

Мемлекеттік қаржы статистикасы мемлекеттік басқарудың табыстары мен шығыстарының есебін жүргізеді.

Мемлекеттік қаржы статистикасының ақпараттық базасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуы бойынша табыстайтын есептері негізінде қалыптасқан.

Мемлекеттік бюджет – бұл мемлекеттік өкімет органдарының қызметін қамтамасыз ету үшін ақшалай қаражатты қалыптастыру мен жұмсаудың негізгі қаржылық жоспары. Мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіреді.

Бюджет табыстары – салық және Салықтан тыс түсімдер мен алымдар көлемі, сондай-ақ қайтарылмайтын негізде бюджетке түсетін капиталмен жасалатын операциялардан түскен табыстар.

Салық табыстары дегеніміз бюджет пайдасына түсетін міндетті, өтеусіз, қайтарылмайтын төлемдер. Салық табыстарына, сондай-ақ салық заңнамаларын бұзғаны үшін төленген айыппұлдар, өтемақылар да жатады.

Салық емес табыстарға міндетті төлемдер – мүлікті пайдаланудан түскен табыстар, акциялар және өзге де бағалы қағаздар бойынша дивидендтер, сыртқы экономикалық қызметтен түскен табыстар жатады.

Табыстарға ресми трансферттер (гранттар) де жатады – бюджетті немесе мемлекет қызметін іске асыруға байланысты өзге де мақсаттарды қолдау үшін шетел мемлекеттері немесе халықаралық ұйымдар өтеусіз аударатын қаражаттар.

Бюджет шығыстары – бекітілген бюджет шегінде қайтарымсыз негізде бюджеттен бөлінетін қаражат. Шығыстар келесі бағыттарда құралады: мемлекеттік билік және басқару органдарын, құқық қорғау органдарын ұстауға; ұлттық қорғанысқа, экономика салаларын (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік, байланыс) қаржыландыруға, әлеуметтік-мәдени дамуды, ғылымды қаржыландыруға, сыртқы экономикалық қызметке жұмсалған шығыстар; мемлекет борышына қызмет көрсетуге байланысты және басқа шығыстар.

Бюджет дефициті – бюджет шығыстарының оның табыстарынан асып түсу шамасы.

Бюджет профициті – бюджет табыстарының оның шығыстарынан асып түсу шамасы.

Үкімет борышы – игерілген және өтелмеген қарыздардың және белгіленген күні заңнамалық актілерде үкімет борышына жатқызылған борыштық міндеттемелердің жиынтығы. Мемлекет кепілдік берген борыштың көлемі Қазақстан Республикасының мемлекеттік (үкіметтік) кепілдігі бар, белгіленген күні алынған және өтелмеген мемлекеттік қарыздар жиынтығы болып табылады.

КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАР ҚАРЖЫСЫ

Кәсіпорындар (ұйымдар) қаржысы статистикасында кәсіпорындардың (ұйымдардың) қаржылық жағдайын көрсететін көрсеткіштер бар. Деректерді жинау мемлекеттік статистикалық есептілік нысандары негізінде жүзеге асырылады.

Негізгі қызметтен түскен табыс (залал) – бұл сальдоланған қаржылық нәтиже, ол жалпы табыс пен кезең шығыстары арасындағы айырма ретінде анықталады.

Негізгі қызметтен түскен жалпы табыс өнім (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен табыс пен өткізілген өнімнің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құны арасындағы айырма болып табылады.

Кезең шығыстары – бұл өнімнің (жұмыстың, қызметтің) өндірістік өзіндік құнына қосылмайтын шығыстар.

Өнім (жұмыс, қызмет) өткізуден түскен табыс қосылған құнға салынған салықты, акциздерді, сондай-ақ қайтарылған тауарлардың құнын шегеру, сатып алушыларға сатудан ұсынылған жеңілдіктер мен бағалардан жеңілдіктер арқылы бейнеленеді. Табыстар бойынша деректер нақты қолданыстағы бағада келтіріледі.

Кәсіпорындардың (ұйымдардың) пайдалылығы олардың қызметінің тиімділігін сипаттайды, ол кезең шығыстарын есепке алғандағы, кәдімгі қызметтен алынған табыстың (залалдың), өндіріске және өнімді (жұмысты, қызметті) өткізуге кеткен шығындарға қатынасы ретінде есептеледі.

Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі – сатып алушылардың жөнелтілген өнім үшін берешегі, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер, оның ішінде алынған вексельдермен және аванстармен қамтамасыз етілгендер; материалдық зиянның орнын толтыру.

Міндеттемелер бойынша берешекке – жөнелтілген өнім үшін жеткізушілерге берілетін берешек, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер, оның ішінде алынған вексельдермен және аванстармен қамтамасыз етілгендер; материалдық зиянның орнын толтыру кіреді. Сонымен қатар, міндеттемелер бойынша берешекке кәсіпорынның бюджетке төлейтін төлемдерінің барлық түрлері бойынша, қызметкерлерге еңбекақы және басқа төлемақылар қаражатын төлеу бойынша және бюджеттен тыс (зейнетақы және басқа) қорларға төлемдер бойынша берешегі кіреді.

Жалақы және басқа да төлемдер бойынша қызметкерлерге берілетін мерзімі өткен берешек – мұнда қызметкерлерге есеп берілетін күнге өтелмеген берешектің өткен кезеңнен ауысқан қалдығы

қосылған, еңбекақы және басқа да төлемақылар бойынша мерзімі өткен берешектің барлық сомасы келтіріледі.

АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ

Бөлім Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк, Қазақстанның Акционерлік Халықтық жинақ банкі ұсынған деректер бойынша қалыптасқан.

M3 жиынтық ақша жиыны мынадай ақша жиынының агрегаттарынан тұрады:

M0 = қолма-қол ақша

M1 = M0+ халықтың және банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі аударылатын депозиттері

M2 = M1+ халықтың және банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі басқа депозиттері + халықтың және банктік емес заңды тұлғалардың шетел валютасындағы аударылатын депозиттері

M3 = M2 + халықтың және банктік емес заңды тұлғалардың шетел валютасындағы басқа депозиттері

Таза халықаралық резервтер = жалпы резервтер – міндеттемелер (Осы көрсеткішті Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі есептейді).

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Мемлекеттік бағалы қағаздар – үкімет немесе биліктің жергілікті органдары атынан шығарылған, үкімет кепілдік берген бағалы қағаздар. Олар ұзақ мерзімді, орташа мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелерді (облигацияларды) қосады:

МЕК.КАМ – Мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелер;

МЕИКАМ – Мемлекеттік индекстелген қазынашылық міндеттемелер;

МАГКО – Мемлекеттік арнаулы өтемдік қазынашылық облигациялар

МЕОКАМ – Мемлекеттік орташа мерзімді қазынашылық міндеттемелер;

МЕАКАМ – Мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелер.

Келтіріліп отырған көрсеткіштер өтелгендерін есепке ала отырып, айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздарды сипаттайды.

